



## Ғылыми-зерттеу қызметі

Жоғары сапалы экономикалық және әлеуметтік түбегейлі өзгерістердің негізі болатын жоғары технологиялық өнімдер өндірісін кеңейту үшін Қор ғылыми-зерттеу қызметіне назар аударады.

F3TKЖ-ға

**84**астам  
өтінімді  
қарастырды**5**жобалар  
мақұлданды

Отандық ғылыми әлеуетке дем беру үшін жергілікті мамандардың ғылыми-зерттеу жұмыстары белсенді түрде ынталандырылуда.

Біз мерзімді экономикалық нәтижеге қол жеткізу үшін тәжірибелік-құрастырымдық талдамаларды коммерцияландыруға ерекше көңіл бөліп тұрамыз. Жұмысты үйлестіру мақсатында ғылыми-жаңартпашыл жобалар үшін өзінше «бір терезеге» айналған «Самғау» Ғылыми-Технологиялық Бастамалар Орталығы (бұдан әрі – FTBO) құрылды. Бұл бізге қоржындық компанияларда ғылыми өнімдерді, өнеркәсіптік инновацияларды және инновациялық мәдениетті әзірлеу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді, сонымен қатар отандық ғылыми әзірлемелерді өндіріске табысты енгізуді қамтамасыз етеді.

2023 жылдың желтоқсанынан бастап Қордың жер қойнауын пайдаланушылары ғылыми зерттеулерді FTBO арқылы қаржыландыруды жүзеге асырады. «Бір терезе» қағидатына негізделген іріктеу мен қаржыландырудың жаңа тетігі Қор ішінде ресурстарды оңтайлы және ашық бөлудің негізгі құралына айналды. Бұл инновациялық жүйе ғылыми жобаларға тиімді қолдау көрсете отырып, ғылым мен өндірістің басым бағыттарын дамытады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша FTBO әлдеқашан F3TKЖ-ға 84-тен астам өтінімді (2022 жылғы 17 қарашада қабылданған F3TKЖ және жаңартпалар жөніндегі Корпоративтік стандарт рәсімдеріне сәйкес) қарады, оның ішінде Қордың Ғылыми-техникалық кеңесінің отырысында жалпы сомасы 2,7 млрд теңгені құрайтын 5 жобаны іске асыруға мақұлданды.

